

## 2009 жылғы 1 маусымдағы сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайы

### Сақтандыру сыйлықақылары


5 ай ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде жиналған көлемінен 29,5%-ға азайып, 43 127<sup>1</sup> млн. теңгені құрады.

### Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

*млн. теңге*

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.06.2008ж.		01.06.2009ж.		01.06.2008ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	61 167,4	100,0	43 127,0	100,0	-29,5
Міндетті сақтандыру	9 628,9	15,8	10 264,5	23,8	6,6
Ерікті жеке сақтандыру	9 257,5	15,1	8 971,5	20,8	-3,1
Ерікті мүліктік сақтандыру	42 281,0	69,1	23 891,0	55,4	-43,5

Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 6,6%-ға артып, ерікті жеке сақтандыру бойынша азаю 3,1%-ды құрап, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша кему 43,5%-ға тең болды.



2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 68,7%-ы (7 053,3 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 23,1%-ы (2 372,2 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 2,4%-ы (246,6 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 5,8% түскен.

<sup>1</sup> сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетіліп отыр

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 19,1%-ы (1 713,3 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 45,9% (4 122,0 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 5,1% (459,3 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 29,8% (2 677,2 млн. теңге) болып келеді.

**ерікті мүліктік сақтандыруда** – басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша – 13,8% (3 288,2 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша (автомобиль, әуе, теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) – 42,8% (10 228,2 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 21,4% (5 123,3 млн. теңге) және басқалар бойынша – 22,0% болды.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:


Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.06.2008ж.		01.06.2009ж.		01.06.2008ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	61 167,4	100,0	43 127,0	100,0	-29,5
Өмірді сақтандыру	2 307,0	3,8	3 136,5	7,3	36,0
Жалпы сақтандыру	58 860,4	96,2	39 990,5	92,7	-32,1

млн. теңге

**"Өмірді сақтандыру" саласы.** 2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 3 136,5 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 36,0%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2008 жылғы 1 маусымдағы 3,8%-ға қарсы 7,3% болды.


**"Жалпы сақтандыру" саласы.** "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2009 жылғы қаңтар – мамыр айлары ішінде жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 39 990,5 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы осындай кезеңге қарағанда 32,1% -ға аз.

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімінің құрылымы



□ өмірді сақтандыру ■ аннуитеттік сақтандыру

Структура поступления страховых премий по отрасли "общее страхование"



## Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 27 375,8 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 63,5%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 58,1%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 18 903,5 млн. теңге болды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 16 240,5 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	01.06.2008ж.		01.06.2009ж.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақыл ардағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақыл ардағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	29 243,5	47,8	27 375,8	63,5
резидент еместерге	24 274,3	39,7	25 076,1	58,2
резиденттерге	4 969,2	8,1	2 299,7	5,3
Резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған барлығы	5 226,9	8,5	16 240,5	37,8

#### Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 92,4%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 0,4%, міндетті сақтандыру бойынша – 7,2% болды.

#### Сақтандыру төлемдері

2009 жылғы бес ай ішінде жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңімен салыстырғанда 62,0% төмендеп, 9 022,4<sup>2</sup> млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру бойынша өтеу есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 11,2% (1 012,4 млн. теңге) болып отыр.

млн. теңге

Сақтандыру төлемдері	01.06.2008ж.		01.06.2009ж.		01.06.2008ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	23 744,2	100,0	9 022,4	100,0	-62,0
Міндетті сақтандыру	3 151,6	13,3	3 492,4	38,7	10,8
Ерікті жеке сақтандыру	3 083,8	13,0	3 106,9	34,4	0,7
Ерікті мүліктік сақтандыру	17 508,8	73,7	2 423,1	26,9	-86,2


<sup>2</sup> сома қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетіліп отыр

2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 50,9% (1 779,1 млн. теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 44,9% (1 568,8 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 4,0% (138,8 млн. теңге) және басқалар бойынша - 0,2% болды;

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 72,4% (2 249,8 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 9,2% (284,1 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 15,7% (488,8 млн. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша - 2,7% (84,2 млн. теңге) болды;

**ерікті мүлдіктік сақтандыруда** – 32,5% (787,2 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 26,5% (643,2 млн. теңге), мүлдікті сақтандыру (автомобильді, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 15,8% (382,2 млн. теңге), басқалар бойынша – 25,2% болды.



2009 жылғы бес айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі аурулардан сақтандыру бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 24,9%-ы болды.

### Сақтандыру нарығы жөнінде жалпы мәліметтер

2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығында 44 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 7 – өмірді сақтандыру бойынша), 12 сақтандыру брокері және 63 актуарий өз қызметтерін лицензия негізінде жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.06.2008ж.	01.06.2009ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде:	43	44
өмірді сақтандыру бойынша	8	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	12	12
Актуарийлер саны	49	63

Есепті күнге 33 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылды.

**Капитал.** 2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 167 930,2 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	01.06.2008ж.	01.06.2008ж.	01.06.2008ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
Жиынтық активтер	266 491,1	298 001,9	11,8
Міндеттемелер	118 327,1	130 071,7	9,9
оның ішінде сақтандыру резервтері	101 439,2	109 104,7	7,6
басқа да міндеттемелер	16 887,9	20 967,0	24,2
Меншікті капитал (баланс бойынша)	148 164,0	167 930,2	13,3

**Активтер.** Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2009 жылғы 1 маусымда 298 001,9 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы 1 маусымдағы осындай көрсеткіштен 11,8%-ға көп, оның ішінде:


млн. теңге

Активтер	01.06.2008ж.		01.06.2009ж.		01.06.2008ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Қолма-қол ақша	6 398,4	2,4	13 586,2	4,6	2,1 есе
Орналастырылған салымдар	77 972,1	29,3	65 542,0	22,0	-15,9
Бағалы қағаздар	75 948,7	28,5	105 753,1	35,5	39,2
"Кері РЕПО" операциясы	27 103,0	10,2	12 419,2	4,2	-54,2
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	21 840,3	8,2	27 876,8	9,4	27,6
Негізгі қаражат	4 354,9	1,6	4 298,7	1,4	-1,3
Қайта сақтандыру активтері	40 027,1	15,0	51 388,3	17,2	28,4
Басқа дебиторлық берешек	7 823,2	2,9	12 303,4	4,1	57,3
Басқа активтер	5 023,4	1,9	4 834,2	1,6	-3,8
Активтер жиынтығы	266 491,1	100,0	298 001,9	100,0	11,8

**Міндеттемелер.** 2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелер сомасы 130 071,7 млн. теңге болды, бұл былтырғы жылдың осыған ұқсас күніне қарағанда 9,9%-ға көп.

Есепті күнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 109 104,7 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы 1 маусымда қалыптасқан резервтердің көлемінен 7,6%-ға көп.

Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы,  
млрд. теңге



## Сақтандыру нарығының шоғырлануы

Қарастырып отырған кезеңде сақтандыру нарығының сақтандыру сыйлықақылары бойынша шоғырлану деңгейінің ұлғайғаны және сақтандыру төлемдері бойынша азайғаны байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 57,7%-ы және сақтандыру төлемдерінің 47,6%-ы келеді. Сақтандыру нарығының жиынтық активтерінің ішінде бес ірі сақтандыру компанияларының үлесі 53,1%-ды құрайды.

Сақтандыру нарығының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %	01.06.2008ж.	01.06.2009ж.
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	46,4	57,7
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	68,6	72,0
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	62,1	47,6
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	82,4	70,5
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	52,6	53,1
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	55,5	62,1

## Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.06.2008ж.	01.06.2009ж.
<b>ЖІӨ, млрд. теңге</b>	15 936,5	16 724,1 <sup>3</sup>
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,38	0,26 <sup>4</sup>
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,93	1,00
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,67	1,79
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен <sup>5</sup>	3 939	2 730

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

<sup>3</sup> – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2009 жылғы 21 мамырдағы деректері бойынша

<sup>4</sup> - 2009 жылғы қаңтар-мамыр ішінде қабылданған сақтандыру сыйлықақылары.

<sup>5</sup> – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша ҚР халқының саны 01.03.2009 ж. 15 797 297 адамды құрады.